


Ұлытау облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімінің
«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ

Келісілді

«С.Сейфуллин атындағы
гимназиясы» КММ
Қамқоршылық және қорғаншылық
кеңесінің төрағасы

 М.М.Жүнісбек
« 30 » мамыр 2024 жыл

Бекітілді

«С.Сейфуллин атындағы
гимназиясы» КММ

 Г.А.Джакипова

« 30 » мамыр 2024 жыл



«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ
2024-2029 жылдарға арналған
Дамыту бағдарламасы

Сәтбаев қаласы, 2024 ж.

Бағдарламаның мазмұны

I бөлім.

- білім беру ұйымының паспорты;
- Дамыту бағдарламасының паспорты;

II бөлім. Ағымдағы жағдайдың талдауы:

- гимназия жұмысы жағдайының қысқаша мінездемесі;
- ағымдағы жағдайдың SWOT-талдауы.

III бөлім. Гимназияның миссиясы мен пайымы:

IV бөлім. Дамыту бағдарламасының мақсатты индикаторлары мен күтілетін нәтижелері.

V бөлім. Іс-шаралар жоспары.

I бөлім.

1.Білім беру ұйымының паспорты

Білім беру ұйымының толық атауы (Жарғыға сәйкес):	Ұлытау облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ашылған жылы	1994 жыл
Директордың аты-жөні	Джакипова Гульсана Амантаевна
Ұйымның мекен-жайы	Сәтбаев қаласы, Мәңгілік ел көшесі, ғимарат 11 корпус 2
Байланыс телефоны	8 (71063) 33468
E-mail	https://gimnasy.edu.kz/ru
Ұйымның жеке сайты	http://seifullin-gimnasy.edugov.kz/ru/
Ұйымның банктік реквизиттері	БИН 961140002823 БИК ККМFKZ2A ИИК KZ90070102KSN7201010 РГУ «Комитет казначейства министерства финансов РК»

2.Дамыту бағдарламасының паспорты

Бағдарламаның атауы	«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ 2024-2029 жылдарға арналған Дамыту бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	1. «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 2. «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасы, 27 қыркүйек 2023 жыл; 3. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы; 4. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 273 бұйрығы; 5. Ұлытау облысының «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасын іске асыру бойынша жол картасы

	5. Сәтбаев қаласы Ұлытау облысының "Баршаға қолжетімді сапалы білім" ұлттық баяндамасын іске асыру жөніндегі жол картасы. 6. «Ұлытау облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ Жарғысы» «Ұлытау облысының экономика басқармасы» ММ 06.09.2022 жылғы №9 бұйрығы.
Бағдарламаны әзірлеуші	1. Гимназия директоры – Джакипова Г.А.; 2. Директордың БО жөніндегі орынбасары – Оразалина Ф.Т.; 3. Директордың ОІ жөніндегі орынбасары – Утетилеуова Б.Ж.; 4. Директордың ТЖ жөніндегі орынбасары – Сеилова А.А.; 5. Ағылшын тілінің мұғалімі – Джандильдинов М.К.; 6. Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі – Ульянова В.А.; 7. Қамқоршылық және Қорғаншылық кеңесінің төрағасы – Жүнісбек М.М. 8. Оқушылардың парламенті.
Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері	Мақсаты: білім алушылардың тілдік құзыреттіліктерін дамыта отырып, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру мен тәрбие ортасын құру. Міндеттері: 1. Білім сапасын арттыру. 2. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту. 3. Гимназияда жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету. 4. Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту. 5. Гимназистерді ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу. 6. Тілдік құзыреттілікті дамытуға жағдай жасау.
Бағдарламаның іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	2024-2029 жылдар 1. 2024-2028 – іске асыру; 2. 2028-2029 – талдамалы жалпылау.

Қаржыландару көздері	Республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражаты — мемлекеттік жалпы білім беру мекемелері үшін; Өтеусіз (демеушілік) көмек; ҚР заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер.
----------------------	---

Гимназияның Дамыту бағдарламасы – 2024-2029 жылдары білім мекемесі дамуының бағдарын және бағыттарын айқындайтын құжат. Дамыту бағдарламасы мектептің дамуының мақсатын, міндеттерін, бағыттарын, нәтижелерін анықтайды. Бағдарлама мектептің жағдайының нақты талдауынан, білім беру үрдісі субъектілерінің қажеттіліктерінен, қауіптер мен мүмкіндіктердің ескерілуінен туындады.

Бағдарлама бес жылға жасалған, мектептің басымдық міндеттерін шешу арқылы қолда бар мүмкіндіктер мен ресурстарды жұмсауды көздейді.

Бағдарламаны жүзеге асыру педагогтер мен білім алушылар жұмыстарының сапалы өзгерістеріне, ата-аналармен мектеп арасындағы тиімді қарым-қатынасты құруға, сонымен қатар материалдық-техникалық мәселелерді шешуге бағытталған.

Бағдарламадағы мақсатты орындау барлық педагогикалық ұжымды жұмылдыруға, олардың өзара тиімді әрекеттесуіне әкеледі, 21 ғасырдағы білім алушыларға қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды айқындайтын білім беру мазмұнын жетілдіруге себін тигізеді.

II бөлім. Ағымдағы жағдайдың талдауы

«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ осыған дейін **2020-2025 жылдарға арналған Даму бағдарламасымен** жұмыс істеген болатын. Бұл бағдарлама бойынша 5 стратегиялық бағыт қамтылып, оның қорытындысы шығарылды. Осы аталған бағдарламадағы мәселелер 2024-2029 жылдарға арналған бағдарламада жалғасын табады.

Дамыту бағдарламасын әзірлеу барысында әлемдік, отандық деңгейдегі білім саласындағы проблемаларды атап кетуді жөн көрдік.

Қазір әлем күрт өзгеріп әрі күрделі дамып келе жатыр. Жаһандық дамумен қатар жаһандық проблемалар туындауда. Экологиялық проблемалар, білім саласындағы теңсіздіктер артып, тіпті кей елдерде балалардың білім алуы шектелуде. Ғалымдардың айтуы бойынша, ғылым мен техниканың дамуы қоғамдағы адамдардың өмірін жақсартқанымен, олардың рухани дамуына тосқауыл қояды, адами қасиеттерінің таяздануына әкеледі. Сондықтан әлемдегі барлық зиялы қауымның айтары: адам әрқашан адами қасиеттерін, өзіндік бірегейлігін жоғалтпауы керек.

Халықтың қалада тұруға ұмтылуы, қаладағы тұрмысты ұнатуы урбанизация процесіне алып келеді. «Қазақстан Республикасында мектепке

дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысында қала мен ауыл арасындағы алшақтық проблемасы баса айтылған. Сонымен қатар қала мектептерінің өзінде білім беру сапасында, материалдық-базалық, инфрақұрылымдық жабдықтауда алшақтықтың бары, әлі күнге дейін үш ауысымда оқитын мектептердің оқу проблемасының шешілмегені айтылған. Оқушылардың мектепте 45 минут бойы алған білімін қосымша сабақтарға бару арқылы толықтыру мәселесі де сөз болды. Аталған құжаттағы мәселелер, мақсат-міндеттер бағдарламамыздың негізіне айналды.

Жаңа заман балаларының ерекшелігі туралы сөз етпеске болмас. «XXI ғасыр – сандық технологияның ғасыры» десек, қарқынды дамыған цифрлық технология «іштен біліп туған» буын мен алдыңғы толқынның аражігін айқын ажыратып тастады. Қазір виртуалды өмір құндылығына басымдық беретін Z буын, яғни «сандық буын» қалыптасып үлгерді. Цифрлық гаджеттер (планшет, смартфон, компьютер) – олардың денесінің және жеке тұлғасының бір бөлігі, қоршаған әлемді қабылдау тәсілі, басқалармен тұрақты байланысының құралына айналады. Бұдан кейінгі қалыптасып келе жатқан А (альфа) буын үшін әлеуметтік желі тұрақты өмір салты болады. Яғни интернет кеңістігінде өмір сүру қалыпты жағдайға айналады. «Сандық буынның» жаңа әлеуметтік тәжірибесі, іс-әрекетінің формасы мен дағдысы пайда болатын кеңістік – ғаламтор және әлеуметтік желі. Бүгінгі таңда олардың екі негізгі белгісі бар: біріншіден, олар өте ақылды, ересек ұрпаққа жат көптеген нәрселерді қабылдайды және тез түсінеді, екіншіден, олар өте сезімтал және осал. Қысқасы, келешекті ойлағанда әр буынның ерекшелігін, өмірге деген көзқарасын ескеріп, стратегиялық жоспарды құру маңызды. Жас буын цифрлық технологияны меңгеруде жылдам, интернет арқылы кез келген ақпаратты алады, керек болса тілді үйреніп алады, өзіндік білім алу қабілеті жақсы дамыған. Мұндай балалармен жұмыс істеу мұғалімнен психологиялық, әдістемелік құзыреттіліктерді талап етеді. Білім алушыларымыз әлемдік социумда өмір сүріп жатыр, олардың алдында тіл үйрену міндеті тұр, сондықтан педагог те олардан қалыс қала алмайды, тілді үйрену қажеттілігі туындайды.

Жоғарыда аталған мәселелер Дамыту бағдарламасында қарастырылды. Ендігі кезекте гимназияішілік жағдайды талдауды жүргізейік.

Білім алушылар контингентінің құрылымы

2021-2022 оқу жылында сыныптарды жинақтау

№	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Орта мектеп	Барлығы
1	Білім алушылар саны	370	330	75	775

2	Сынып саны/ білім алушылар саны (орташа есеппен)	17/22	16/20	4/19	37/21
---	---	-------	-------	------	-------

2022-2023 оқу жылында сыныптарды жинақтау

№	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Орта мектеп	Барлығы
1	Білім алушылар саны	370	333	62	765
2	Сынып саны/ білім алушылар саны (орташа есеппен)	16/23	17/20	4/15	37/20

2023-2024 оқу жылында сыныптарды жинақтау

№	Контингент құрылымы	Бастауыш мектеп	Негізгі мектеп	Орта мектеп	Барлығы
1	Білім алушылар саны	367	355	82	804
2	Сынып саны/ білім алушылар саны (орташа есеппен)	16/23	17/21	4/21	37/22

«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-де 2023-2024 оқу жылы бірінші сыныптарға қабылданатын бала санының артуына байланысты жалпы гимназия бойынша білім алушылар саны өскені көрінеді.

Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың 3 жылдық үлгерімі мен білім сапасы

Үлгерім - 100%

Оқу жылы	2-4	5-9	10-11	Гимназия бойынша
2021-2022	93,1%	70,9%	86,3%	81,45%
2022-2023	91,6%	72,7%	73%	80%
2023-2024 1 т	86,6%	73%	66,5%	76,5%

Үш жылдың білім сапасының мониторингі бойынша орта есеппен 79,3% көрсетеді.

2-4-сыныптардың пән бойынша білім сапасы (оқыту қазақ тілінде)

пән атауы	2021-2022	2022-2023	2023-2024 1т
қазақ тілі	95,62	98	92,4
әдебиеттік оқу	97,08	99,33	96,85

орыс тілі	92,7	96	97,5
математика	95,62	98,67	95,2
жаратылыстану	97,81	98,67	94,88
дүниетану	96,35	99,33	-
шет тілі (ағылшын)	96,35	97,33	90,82

2-4-сыныптардың пән бойынша білім сапасы (оқыту орыс тілінде)

пән атауы	2021-2022	2022-2023	2023-2024 1т
орыс тілі	96,3	91,87	89,22
әдебиеттік оқу	98,41	97,56	95,76
қазақ тілі	95,24	95,93	87,2
математика	96,83	99,31	95,82
жаратылыстану	100	98,37	97,25
дүниетану	100	100	-
шет тілі (ағылшын)	99,21	95,12	89,7

1-4-сыныптардың пән бойынша оқу үлгерімі үш жылда қалыпты жоғары деңгейде. Оқыту қазақ тіліндегі қазақ тілі, әдебиеттік оқу, орыс тілі, дүниетану пәндерінен 2% дан 4% аралығында өскенін, ал оқыту орыс тіліндегі орыс тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану, шет тілі пәндерінен 1% дан 5% аралығында төмендегенін байқауға болады.

5-9-сыныптардың пән бойынша білім сапасы (оқыту қазақ тілінде)

пән атауы	2021-2022	2022-2023	2023-2024 1т
қазақ тілі	92	91,4	88,4
қазақ әдебиеті	91	90	84,82
орыс тілі мен әдебиеті	91,4	96,2	96,85
математика	85	90,5	96,75
жаратылыстану	92	97,5	97,9
Дүниежүзі тарихы	93	99,6	-
Қазақстан тарихы	96,2	98,4	93,1
информатика	99,2	100	-
шет тілі (ағылшын тілі)	89,8	98	94,99
алгебра	73,66	79,33	81,5
геометрия	76	81	-
физика	83	84,66	78,4
химия	79	93	89,3
биология	91,66	95,33	98,4
география	87,66	88,33	-
құқық негіздері	100	100	-

5-9-сыныптардың пән бойынша білім сапасы(оқыту орыс тілінде)

пән атауы	2021-2022	2022-2023	2023-2024 1т
орыс тілі	92,2	94,6	96,73
орыс әдебиеті	93	96,6	97,58
қазақ тілі мен әдебиеті	84,6	83,2	79,2
математика	79,5	86,5	87,25
жаратылыстану	94	100	99
Дүниежүзі тарихы	96,2	94,6	-

Қазақстан тарихы	95,4	95,8	96,02
информатика	90,8	93	-
шет тілі (ағылшын тілі)	93,4	93,4	89
алгебра	75	67,66	64,66
геометрия	85,3	70	-
физика	97,33	93,66	92
химия	84,66	84,66	91,9
биология	98,33	96	91,66
география	93,33	96	-
құқық негіздері	100	93	-

10-11-сыныптардың оқыту пән бойынша білім сапасы (оқыту қазақ тілінде)

пән атауы	2021-2022	2022-2023	2023-2024 1т
қазақ тілі	100	98	90
қазақ әдебиеті	100	100	97,5
орыс тілі мен әдебиеті	98	98	97,8
Қазақстан тарихы	98	98	100
информатика	100	100	-
шет тілі (ағылшын тілі)	100	100	95
алгебра және анализ бастамалары	90,5	85	87
геометрия	90,5	85	74
физика	100	91	87
биология	100	100	100
география	100	100	100
химия	-	96	100
Дүниежүзі тарихы	-	100	100

10-11 сыныптардың пән бойынша білім сапасы(оқыту орыс тілінде)

пән атауы	2021-2022	2022-2023	2023-2024 1т
орыс тілі	100	100	100
орыс әдебиеті	100	100	100
қазақ тілі мен әдебиеті	100	93	92,2
Қазақстан тарихы	100	96,5	97,9
информатика	95	100	-
шет тілі (ағылшын тілі)	100	100	80,5
алгебра және анализ бастамалары	93	68	66,5
геометрия	90,5	86	-
физика	100	100	100
биология	100	100	100
география	100	93	83,95
Дүниежүзі тарихы	-	100	100

Қазақ бөлімінің 5-9-сыныптарында пән бойынша қалыпты жоғары білім сапасын көруге болады, 10-11-сыныптарда алгебра және анализ бастамалары мен геометриядан 4,5%, физикадан 9% төмендеген. Орыс бөлімінің 5-9-

сыныптарында алгебрадан 7,34%, геометриядан 15,3%, 10-11-сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен 7%, Қазақстан тарихынан 3,5%, алгебра және анализ бастамалары 25%, геометриядан 4,5%, географиядан 7% төмендегені байқалады.

Гимназия бойынша кейбір пәндерден білім сапасының төмендігіне мыналар әсер етті:

- 2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспарының төмендетілген жүктеме бойынша оқып, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің апталық сағат санының қысқаруы;
- білім алушылардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері;
- мұғалімнің пәнге қызығушылығы төмен оқушылармен жеке жұмыс істеуі және қызығушылығы жоғары балалармен сараланған жұмыс істеу мүмкіндігінің әрқашан бола бермеуі;
- баланың өз жұмысын ұйымдастыра алмауы (іс-қимыл алгоритмі берілген кезде мәтінмен қарапайым жұмыс: оқу, табу, таңдау, жазу).

Мұғалімдер білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында білім алушыларға қолдау көрсету үшін жұмыс жоспарын жасап, оны іске асырады.

4, 9- сынып білім алушыларын бағалау кезіндегі кешенді тестілеу қорытындысы

№	Сынып	Жалпы саны	Қатысқандар саны	"5" баға алған саны	"4" баға алған саны	"3" баға алған саны	"2" баға алған саны	Орташа ұпай	оң бағалар %
1	4 А қ/б	26	24	-	14	10	-	19,79	100
2	4 Б қ/б	23	23	2	10	11	-	20	100
3	4 А о/б	22	22	1	8	11	2	17	90,9
4	4 Б о/б	18	18	2	9	6	1	17,7	94,4
5	9 А қ/б	15	15	-	2	12	1	31,2	93,3
6	9 Б қ/б	15	15	-	5	10	-	35,4	100
7	9 А о/б	14	13	-	1	9	3	28,2	76,3
8	9 Б о/б	16	15	-	4	10	1	34,7	93,3
Барлығы	8	149	145	5	53	79	8	25,8	93,9

Гимназия бойынша орташа ұпай – **25,8**. Оң бағалардың саны – **137**, үлесі **93,9%** құрайды.

Ең төмен нәтижені оқыту орыс тіліндегі 4 А сынып көрсетіп тұр, сыныпта 2 білім алушының «2» деген бағалары бар. 9-сыныптардың арасынан орыс бөлімінің 9 А сыныбында 3 білім алушы төмен нәтиже көрсетті. Біршама төмен білім сапасын көрсеткен пән мұғалімдерімен әкімшілік тарапынан

әңгімелесу жүргізіліп, алдағы іс-шаралар жасалды.

ҰБТ-дің 3-жылдық көрсеткіші

№	Орташа ұпай (120 ұпай)	Үздік аттестат	«Алтын белгі» иегерлері
2020-2021	86	7	2
2021-2022	82	5	5
2022-2023	88	7	2

ҰБТ-дан орташа ұпай тұрақты жоғары, тек «Алтын белгі» иегерлерінің саны түсіп кеткен, осы мәселе алдағы уақытта өзекті болып қалмақ.

11-сынып оқушыларының дайындығы мен мектептің жетістігінің бір көрсеткіші – түлектерді жоғары оқу орындарына қабылдануы.

Кесте. Түлектердің ЖОО мен колледждерге орналасуы

Жылы	Барлық түлектер	Оқу орны					Оқу формасы		
		ЖОО			колледж		Грант/бюджет		
		саны	шет ел	%	саны	%	саны	шет ел	%
2021-2022	28	19	9	100%	0	0	7	4	39%
2022-2023	47	31	14	95,7%	2	4,2%	18	8	55%
2023-2024	26	19	6	96%	1	3,8%	7	2	35%
Барлығы	101	69	29	96%	3	4%	32	14	46%

Қарастырылып отырған кезеңде 11-сынып түлектерін жоғары оқу орындарына қабылдаудың орташа көрсеткіші 96% құрайды, бұл іске асырылатын бейіндік пәндердің, қолданбалы курс бағдарламаларының және элективті пәндердің тиімділігін дәлелдейді. Білім гранттары мен бюджеттік орындарды иеленетін түлектердің пайызы (орта есеппен 46%), еңбек нарығының нақты қажеттіліктерін ескере отырып, білім алушыларды оқыту мен кәсіптік бағдарлауды дараландыруға бағытталған бейіндік оқытудың маңыздылығын көрсетеді.

8-9 сыныптарда кәсіпке дейінгі білім беру аясында кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізіледі. Бұл бағыт 9-сынып түлектерінің 10-сыныпта оқуын жалғастыру немесе колледждерде оқуын жалғастыру туралы шешім қабылдауы үшін қажет.

Бұл жұмыстың нәтижесі 9-сынып түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижелерінде көрсетілген:

Кесте. 9 -сынып түлектерінің оқу орындарына орналасуы

Жыл	Барлық түлек саны	Гимназияда оқуды жалғастырды		Оқуды басқа мектептерде жалғастырды		Колледжге оқуға түсті	
		саны	%	саны	%	саны	%
2021-2022	37	27	73%	1	2,7%	9	24%
2022-2023	39	33	85%	1	2,5%	5	12,8%

2023-2024	60	44	73%	7	11,6%	9	15%
Барлығы	136	104	76%	9	6,6%	23	17,2%

9-сынып бітірушілері туралы деректер көрсеткендей: 2021-2023 оқу жылында оқушылардың 76%-ы 10-сыныпта оқуын жалғастырды, ал 24%-ы басқа орта мектептер мен колледждерге түсті.

Оқу жылының соңында барлық түлектер жұмысқа орналастырылды. Осылайша, гимназия түлектерінің болашақ қызметінің негізгі бағытын таңдауына қатысты өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ететін жағдайлар жасайды.

Мұғалімдер туралы


Оқу жылы	Мұғалімдер саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санатсыз
2021-2022	54	0	26	16	6	2	2	0	2
2022-2023	55	0	25	16	8	-	3	0	3
2023-2024	58	0	25	15	6		4	0	8



«С.Сейфуллин атындағы гимназияда» мұғалімдердің сандық және сапалық көрсеткіштері тұрақты. Соңғы жылы 5 жас маманның жұмысқа алуына байланысты санаттсыздар қатары 3-тен 8-ге дейін көбейді, бұл мұғалімдердің сапалық құрамына әсер етеді. Педагог-зерттеуші мен педагог-сарапшы барлық мұғалімдер санының 68%-н құрайды. «Педагог-шебер» мұғалімді шығару алдағы уақытқа жоспарланып отыр.


Педагогикалық қызметкерлердің білімі туралы ақпарат

Гимназияда 91% мұғалім жоғары білімді, 17%-дың ғылыми дәрежесі бар (1 - *Phd докторы*, 10 *ғылым магистрі*).




Штаттағы 58 педагогикалық қызметкерлердің педагогикалық өтілімі: 3 жылға дейін – 5 (8%), 3 жылдан 8 жылға дейін – 8 (13%), 9 жылдан 16 жылға дейін – 10 (18%), 17 жылдан 20 жылға дейін – 3 (5%), 20 жылдан жоғары – 32 (51%).

2023-2024 оқу жылында педагогикалық қызметкерлердің өтілімі



Жасы бойынша педагогикалық ұжым келесі қызметкерлерден тұрады: 30 жасқа дейін – 8 (14%), 31 жастап 40 жасқа дейін – 15 (26%), 41 жастан 50 жасқа дейін – 13 (22%), 51 жастан 60 жасқа дейін – 14 (24%), 60 жастан жоғары – 8 (14%). Орташа жас – 48. Жас құрамын талдау мектептің оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және өзара әрекеттесуіне жас және орта буын мұғалімдері, сондай-ақ тәжірибелі мұғалімдер арасында жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

2023-2024 оқу жылында педагогикалық ұжымның жас құрамы



Мектепке кадрларды орналастыру дайындық деңгейі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырылады. Педагогтер мен мектеп басшылығы жұмысындағы басты критерий – педагогикалық әдепті, «Білім туралы» Заңды, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін сақтау. Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің жұмыс уақытын ұтымды пайдалануына, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, өз бетінше білім алуына қолайлы жағдай туғызуға тиісті көңіл бөледі.


Мұғалімдердің курстардан өтуі:



Кестеде мұғалімдер ұжымының курстармен жеткілікті қамтылғанын көруге болады.

«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-де мұғалімдер мен білім алушылардың жетістіктерінің мониторингі үнемі жүргізіліп отырады. Соңғы үш жылда гимназия мұғалімдері қалалық сайыстардан бастап халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысты.

Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі кәсіби сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері




Гимназия мұғалімдерінің кәсіби сайыстарға қатысуы тұрақты, 2021-2022 жылы Ульянова В.А. "Педагогикалық шеберлік" халықаралық педагогикалық конкурсына ("BeClever" халықаралық даму орталығы) қатысып I орынды иемденді, 2023 жылы Гилемханова З.З. "Z буынын оқытудағы Баддинг - тур - коучинг құралдары" педагогтардың кәсіби конкурсында (Орал қ. ПШО НЗМ, 2023ж) 1 орынды иеленді.

Педагогикалық ұжымның кәсібилігі мемлекеттік және құрметті атақтармен көрінеді:

- 1 мұғалім – «Шапағат» медалі
- 1 мұғалім – «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі
- 4 мұғалім – «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі
- 3 мұғалім – «Қарағанды облысының білім саласына еңбегі сіңген қызметкері» төсбелгісі,
- 5 мұғалім – «ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ қызметіне сіңірген еңбегі үшін» медалі
- 3 мұғалім – «ҚР білім беру ісінің үздік қызметкері»
- 1 мұғалім – әдіскер-мұғалім
- 1 мұғалім – аға мұғалім
- 12 мұғалім- ҚР ғылым және білім Министрлігінің Құрмет грамотасы
- 22 мұғалім – облыстық Білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталған.


Мұғалімнің шеберліктерін шыңдауда педагогикалық оқулар, ғылыми–практикалық конференциялар, ғылыми-әдістемелік семинарлар, байқаулардың, пән олимпиадаларының берері көп. Осындай іс-шараларға 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында 42 ұстаз қатысқан. Бұл жалпы ұстаз санының 66,6 %.

Мұғалімдердің тәжірибесін таратуы



2021-2022 оқу жылында Ульянова В.А. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша республикалық деңгейде өз тәжірибесімен бөлісті, 2022-2023 оқу жылында М.К.Джандильдинов Future English Language Teachers Attitudes to Feedback Management During Peer-Teaching Sessions. Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. серия “Педагогические науки”, 4 (71) 2023 мақаласы жарияланды. Гимназия мұғалімдерінің әлеуеті жақсы, өз тәжірибелерімен бөлісуге дайын.

Мұғалімдердің конференцияларға, семинарларға, көрмелерге, байқауларға, педагогикалық оқуларға қатысуы, журналдарда жариялануы



Білім беру мазмұны, оқу жоспарлары, бағдарламалар

"С.Сейфуллин атындағы гимназиясы" КММ 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары базалық пәндер бойынша орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын орындайды, гимназия жұмысының басым бағыттары пәндері бойынша білім беру стандарттарының мазмұнын кеңейтеді және толықтырады, функционалдық сауаттылықты дамыту оқушылар мен негізгі және пәндік құзыреттіліктерге қол жеткізуді, оқушылардың өзін-өзі анықтауын қамтиды.

Оқу жүктемесінің нормалары санитариялық-гигиеналық талаптардан аспайды және "Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" қағидаларына сәйкес келеді.

Гимназия педагогикалық ұжымы «балалардың барлығы дарынды» деген көзқарасқа сүйеніп, кез келген дені сау баланы қолайлы жағдай жасалған ортада дамытуға болатынын дәлел етеді. Әр оқушының қызығушылығын, қабілетін, бейімін анықтау және дамытудың жолдарын психологтармен бірге пән мұғалімдері, сынып жетекшілер жүргізеді.

Оқу, жаратылыстану-ғылыми, математикалық, тұрмыстық, экономикалық сауаттылықты дамытуда түрлі курстар мен үйірмелер жүйелі түрде жүргізіледі. Бастауыштағы курстардың орта және жоғары буындарда сабақтастығын тауып жатқанын төмендегі сызбадан көресіздер.

Функционалдық сауаттылықты дамыту	Бастауыш сыныптағы курстың аты	Орта буын - 5-9 сыныптардағы курстың аты	Жоғары буын - 10-11 сыныптардағы курстың аты
Оқу сауаттылығы Тілдік құзыреттілік	Оқу шаттығы	Көркем сөз	Жас тілші
	АВС ағылшын тілі	Ағылшын тілінің практикалық курсы	Ағылшын тілінің практикумы
Математикалық сауаттылық	Қызықты математика	Логика	Математикадан стандарттан тыс есептер шығару

2023-2024 оқу жылында 5-6 сыныптарда ағылшын тілі гимназиялық компонент есебінен 4 сағаттан көбейтілді. Бұл оқушылардың 7 сыныптан бастап физика, химия, информатика пәндерін ағылшын тілінде оқытуға дайындайды. Әзірше гимназияда 7-9 сыныптар аралығында вариативтік бөлікте физика, химия, информатика пәндері жүргізіледі, оларды инвариантқа көшіру жоспарлануда. 10-11 сынып білім алушылары үшін Ielts халықаралық емтихандарына дайындық бойынша курс енгізілді.

Гимназиядағы түрлі бағыттардағы «Робототехника», «Интеллектум», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ», «Футбол», «Гимнастика», «Би әліппесі», «Бейнелеу өнері студиясы» сияқты курстар, үйірмелер жас өспірімдерге өзін жүзеге асырғысы келетін қызмет түрін еркін таңдау мүмкіндігін береді, бала өзіне ұнаған іс-әрекетті, сабақты таңдай алады.

Тиімді тәрбие іс-әрекетінің маңызды шарты – гимназияның тәрбие жұмысының нормативтік-құқықтық базасының болуы.

Тәрбие қызметінің басым бағыттары:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру;
2. Рухани-адамгершілік тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

2020-2023 оқу жылдарындағы тәрбие жұмысын іске асыру бойынша сандық көрсеткіш

Бағыты	2020-2021		2021-2022		2022-2023	
	Іс-шаралар саны	Оқушылардың қамтылуы	Іс-шаралар саны	Оқушылардың қамтылуы	Іс-шаралар саны	Оқушылардың қамтылуы
Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.	39	100%	50	100%	11	100%
Рухани - адамгершілік тәрбие	20	100%	29	100%	3	100%
Ұлттық тәрбие	11	100%	29	100%	2	100%
Отбасылық тәрбие	10	100%	27	100%	4	100%
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	13	100%	46	100%	5	100%
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	16	100%	28	100%	11	100%
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	28	100%	47	100%	6	100%
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	16	100%	31	100%	12	100%
Барлығы	155	100%	287	100%	54	100%

Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру олардың ерекшеліктерін ескере отырып, барлық жас топтары бойынша бір мезгілде жүзеге асырылады.

Әр сынып жетекшісі мектеп әкімшілігімен келісілген және бекітілген тәрбие жұмысының жоспары жасалды, онда тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері жалпы мектептегі тәрбие жұмысының барлық бағыттарын қамтиды.

Біздің мектепте қосымша білім беру жүйесі бірінші сынып оқушысынан бастап жоғары сынып оқушыларына дейін әртүрлі жас топтарына қатысуға мүмкіндік береді. Барлық үйірмелердің жұмысы балалардың шығармашылық, танымдық, физикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, еңбекқорлықтың, коммуникабельділіктің қызығушылығы мен дамуын қамтамасыз етеді, салауатты өмір салтын жүргізуге ықпал етеді.

Мектепте оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекеті үшін барлық мүмкін жағдайлар жасалған.

Мектепте оқушылардың үйірмелермен қамтылуы:


2020-2021 оқу жылы			2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы		
Жалпы бала саны	Үйірме саны	Ондағы бала саны	Жалпы бала саны	Үйірме саны	Ондағы бала саны	Жалпы бала саны	Үйірме саны	Ондағы бала саны
775	38	775	765	18	765	804	41	804

Үйірмелердің жұмысы мектептің пәндік кабинеттерінде, спорт залында, акт залында, хореография кабинетінде директор белгілеген және бекіткен сабақтан тыс сабақ кестесіне сәйкес қатаң түрде ұйымдастырылады және өткізіледі.

Шығармашылық үйірмелер бірнеше бағытта өткізіледі. Олардың ішінде алғашқы жылдары хореография, сәндік-қолданбалы шығармашылық үйірмелер жұмыс жасаған. Қазіргі таңда мектепте жас шахматшы, озық ойлы есептер, дебат, спорттық ойындар жүргізіледі.

Секциялар мен үйірмелердегі сабақтарда алынған білімнің әртүрлі салаларында терең танымдық қызығушылықты қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылардың кәсіби бағдарлануына жағдай жасайды. Сабақтар жоспар бойынша өткізіледі. Жоспар мен жұмыс мазмұнын үйірме жетекшісі анықтайды. Жыл сайын секциялар мен үйірмелерге қатысатын оқушылар саны артып келеді, ең белсенді қатысушылар 5-11 сынып оқушылары болып табылады.

Оқушылардың қалалық, облыстық, республикалық сайыстар мен Байқаулардағы жүлделер саны



Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаға қатысу

№	Пән аттары	Қалалық қатысқаны			Қалалық жүлделі орындар			Облыстағы жүлделі орындар			Республикаға қатысу және жүлделі орын		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	1	2	2		1/1	2
2	Қазақ тілі мен әдебиеті о/с	1	1			-			-				
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	2	1	2	2		2	2			1
4	Орыс тілі мен әдебиеті қ/с	4	3	4	3	2	4	1	1	2		1	
5	Ағылшын тілі	3	5	6	2	5	6		2	2			
6	Құқық негіздері		1	3		-	2		-	1			1
7	Қазақстан тарихы	4	4	4	2	3	2		-				
8	Математика	4	5	4		-	1		-				
9	Физика	4	4	3	1	1	1		-				
10	Химия	1	1	3		1	2		1				
11	География	4	3	3	2	2			1			1	
12	Биология	1	2	4	1	-	2		-				
13	Информатика	1	1	3		-	2		-				
14	Өзін-өзі тану	3			2			1					
	Барлығы	35	35	42	17	19	27	3	9	9		3/1	4

Гимназия 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында «Олимпиада бойынша қалалық үздік команда» танылды, 2022-2023 оқу жылында облыстық деңгейде «Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша үздік команда», «Инновациялық мектептер бойынша үздік команда» атағын жеңіп алды. 9 оқушы облыстық олимпиаданың жеңімпазы, 1 оқушы (Роман Әйгерім – жетекшісі Бұқар А.О.) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиаданың жүлдегері атанады. Жалпымектептік пәндер бойынша олимпиадаға қатысудың талдауынан қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті қазақ сыныптарында, ағылшын тілі, Қазақстан тарихынан жетістіктер жақсы, ал жаратылыстану-математикалық бағытта, әсіресе математикадан, информатикадан, физикадан, биологиядан жүлделі орындар жоқ. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша қазақ тілі мен әдебиеті орыс сыныптарында, құқық негіздерінен нәтижелер жоқ. Алдағы уақытта осы пәндер бойынша олимпиадаға дайындау жұмысын күшейту тұр.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту үшін бастауыш сыныптарда «Ғылыми-зерттеу негіздері» үйірмесі, орта және жоғары буындарда математика, химия, орыс тілі мен қазақ тілінен олимпиадаға дайындық үйірмелері жүргізіледі. Бұл сабақтар оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулуға бағытталған. Осы орайда гимназияда мектепішілік ғылыми-зерттеу конференциялары өтіп тұрады. 2022-2023 оқу жылында 35

оқушы қатысып 22-сі жүлделі орынға ие болды. Қалалық, облыстық, республикалық деңгейлерде жүлдегерлер бар.

Ғылыми-зерттеу сайыстарында жүлделі орын алғандар саны

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
мектепшілік	19	18	22
қалалық	5	6	
облыстық	14	8	6
республикалық	2	4	

Алдағы уақытта ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысатын оқушылардың санын көбейту және жұмыстардың сапасын жақсарту міндеттері тұр.

Психологиялық қызмет

Оқушылардың психикалық және психологиялық денсаулығына, олардың әлеуметтенуіне, әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету мақсатында гимназияда психологиялық қызмет жұмыс істейді.

2021 жылдың сәуір айынан бастап педагог-психологтің құжаттамасы HR+ психологиялық-педагогикалық мониторингінің автоматтандырылған жүйесі аясында электронды форматта жүргізілуде.

Барлық психодиагностикалық жұмыстар жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналар мен мұғалімдер психодиагностика нәтижелерімен таныстырылды (ата-аналар жиналысында және топтық және жеке кеңес беру кезінде).

Педагог-психологтің психодиагностикалық жұмысы келесі әрекеттерді қамтиды:

- 1, 5-сынып оқушыларының бейімделуін зерттеу (офлайн);
- 1, 11-сынып оқушыларының мотивациялық аумағын зерттеу (HR+ жүйесі шеңберінде);
- 1-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы МЭДИС (офлайн);
- Филлипс бойынша 5-сынып оқушыларының мазасыздану деңгейін зерттеу (HR+ жүйесі шеңберінде);
- 7-11-сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауы бойынша диагностика: (HR+ жүйесі аясында цифрлық кәсіптік бағдар беру науқаны);
- тұлғааралық қарым-қатынастарды зерттеу (социометрия) (HR+ жүйесі шеңберінде);
- 9, 10-сыныптар үшін мазасызданудың Кондаш диагностикасы (HR+ жүйесі аясында);
- 7 және 9-сынып оқушыларының агрессивтілік түрін анықтау диагностикасы (Басс-Даркитесті) (HR+ жүйесі шеңберінде);
- 9-сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуының диагностикасы ШТУР (HR+ жүйесі шеңберінде);


Диагностикалық зерттеулердің нәтижелері №11 кестеде келтірілген.

«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-нің 3 жыл бойынша психологиялық диагностикалар нәтижелерінің мониторингі

№	Диагностика	Оқу жылдары		
		2021-2022	2022-2023	2023-2024 (1 тоқсан)
1	Интеллектуалдық даму диагностикасы	Ж.-51% О.-42% Т.-7%	Ж.-50% О.- 42% Т- 8%	Ж.-53% О.-40% Т.-7%
2	Мотивацияның қалыптасқанын зерттеу	В.-65% Ср.-34% Н.-1%	В.-66% Ср.-31% Н.-3%	В.-62% Ср.-35% Н.-3%
3	Тұлғааралық қатынастарды зерттеу(социометрия)	Жұлдыздар - 8% Қалаулы -24% Қабылданған - 55% Елеусіз - 12% Бас тарт. -1%	Жұлдыздар - 8% Қалаулы -25% Қабылданған - 55% Елеусіз -10% Бас тарт -2%	Жұлдыздар - 10% Қалаулы -25% Қабылданған - 58% Елеусіз -6% Бас тарт -1%
4	5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздану деңгейін зерттеу	Ж.-5% О.-25% Т.-70%	Ж.-4% О.-25% Т.-71%	Ж.-4% О.-27% Т.-69%
5	1-сынып оқушыларының бейімделуі	Ж.-57% О.-35% Т.-8%	Ж.-51% О.-40% Т.-9%	Ж.-56% О.-35% Т.-9%

Ескерту:
Ж.-жоғары деңгей
О.- орта деңгей
Т.-төмен деңгей

Социометриялық зерттеулердің нәтижелері 3 жыл




Социометриялық мәліметтерді салыстырмалы талдау мектеп ұжымындағы оқушылар үшін жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуалды көрсетеді.

2023-2024 оқу жылының I тоқсанында қарым-қатынас әл-ауқатында орташа деңгейлі («қабылданғандар» 58%) оқушылардың басымдығы байқалады. Топтағы қабылданбағандар 1% құрайды.

5-11 сынып оқушыларының оқу мотивациясының қалыптасуының 3 жылдағы сауалнама нәтижелері

Танымдық мотивацияның қалыптасуын зерттеу барысында I тоқсанда 5-11 сынып оқушыларының 64% танымдық мотивацияның оңтайлы деңгейін көрсеткені анықталды, бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда 1% жоғары. Бұл оқушылар өз білімдерін тереңдетуге, көшбасшылар қатарында болу үшін жақсы оқуға, факультативтер мен үйірмелерге қатысуға ұмтылады, өйткені олар мұғалімдердің сабақта талап ететінінен көбірек білгісі келеді.




2023-2024 оқу жылының I тоқсанында танымдық мотив жетекші орында (76%) – бұл оқушылар білім алудың әдіс-тәсілдерін меңгеруге бағытталған: білімді өз бетінше меңгеру әдістеріне, ғылыми білім әдістеріне, өзін-өзі реттеу әдістеріне қызығушылықтары. Тәрбие жұмысының, олардың тәрбие жұмысын ұтымды ұйымдастыруы.

Екінші орында жетістік мотивтері (74%), жетістікке жетуге ынталы оқушылар әдетте алдына қандай да бір оң мақсат қояды, оны жүзеге асыруға белсенді қатысады және осы мақсатқа жетуге бағытталған құралдарды таңдайды.

Үшінші орында, көрсеткіштер бойынша, өзін-өзі дамыту мотиві (73%) – қызмет үрдісі мен нәтижесіне қызығушылық, өзін-өзі дамытуға ұмтылу, адамның кейбір қасиеттері мен қабілеттерін дамыту.

Оқушылардың интеллектуалдық дамуын зерттеу нәтижелері 3 жылғы



Зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық талдау 5-11 сынып оқушыларының интеллектуалдық дамуы деңгейінің 2023 жылы 1 тоқсанда 1%-ға өскенін анықтады. Зерттеу талдауы көрсеткендей, 5-11 сынып оқушылары үшін ең қиын тапсырмалар нысандар мен ұғымдарды жалпылау және салыстыру қабілетіне арналған тапсырмалар болды.

Мұғалімнің қанағаттанушылығын зерттеу

Мұғалімдер сауалнамасының нәтижелері:

Жоғары дәрежелі Қ – 47 мұғалім 80%

Орташа дәрежесі Қ – 12 мұғалім 18,2%

Төмен дәрежелі Қ – 1 мұғалім 1,7%



5-сурет. Мұғалімдердің 2023 жылғы сауалнамасының нәтижелері
Қорытынды: гимназиядағы жұмыс сапасына мұғалімдердің 98,2%-ы қанағаттанады.

Әлеуметтік педагог жұмысы

Гимназияның әлеуметтік паспортында аз қамтылған, толық емес отбасылардың, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы, өмірлік қиын жағдайдағы отбасылардың саны туралы мәліметтер бар; әлеуметтік қауіпті жағдайдағы, сондай-ақ мектепшілік бақылауда тұрған оқушылардың деректер банкі бар,

МББ есебінде. Осылайша, әлеуметтік төлқұжат мектептегі әлеуметтік жағдайды талдауға және бағалауға негіз болатын ақпаратты қамтиды. Негізгі мәліметтерді сынып жетекшілері сыныптардың әлеуметтік паспорттары негізінде ұсынады.

**«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-нің соңғы үш жылдық
әлеуметтік паспорттың салыстырмалы талдауы**

Оқу жылдары	Оқушылар саны	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып	Тегін ыстық тамақпен қамтылған	Көп балалы отбасы	Асыраушысынан айырылған	Ата-ана мүгедек отбасы	Ажырасқан отбасы	АСП	Жалғыз басты ана	Өгей әке	Өгей ана	Қамқорлықтағы бала
2021-2022	775	370	330	75	8	118	32	32	12	3	3	9	2	2
2022-2023	765	370	333	62	4	160	22	31	57	4	3	15	1	1
2023-2024	804	367	355	82	8	186	9	20	37	0	1	16	0	1

«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ –нің санитарлық қағидалар мен нормалар сәйкес келеді. Тамақтану объектісі жалға алушы ЖК «Утеулина Л.А.» Санитарлық эпидемиологиялық қорытынды №235 13.12.2014 жылы берілді. Келісім шарт 2023 жылы 12 сәуір айында жасалды.

Соңғы үш жыл бойынша ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар туралы салыстырмалы талдау.

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылар саны		
		1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып
2021-2022	775	4	2	2
2022-2023	765	2	2	0
2023-2024	804	0	7	1

Материалдық-техникалық қамтамасыз етілу

Материалдық-техникалық жабдықтар

(сілтеме)

<https://drive.google.com/drive/folders/1Bvo-K1oROfUQeeVr1ZnNZYEOpXmuJp0K>

№	Жалпы сипаттамасы			
1	Салынған жылы	1990		
2	Жалпы ауданы	5667,5 ш.м.		
3	Пайдалы алаңы	3755,9 ш.м.		
4	Жылыту жүйесі	орталықтандырылған		
5	Сумен жабықтау жүйесі	орталықтандырылған		

6	Кәріз жүйесі	орталықтандырылған		
7	Дәретхана	Ғимарат ішінде		Бөлек кабинкалар
8	Атауы мен ауданы көрсетілген пәндік кабинеттер	Жалпы кабинет саны-28 S=1460,6 ш.м.	Оқу құрал-жабдықтармен, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған	Бастауыш сынып кабинеті-5 Химия кабинеті -2 Физика кабинеті-1 Биология-1 Технология кабинеті (қыздарға арналған)-1 Технология кабинеті (ұлдарға арналған)-1 Мультимедиялық-лингфондық кабинет-1 Робототехника кабинеті-1 Информатика кабинеті-1 Музыка кабинеті-1 Ағылшын тілі кабинеті-3 АӘД кабинеті-1 Орыс тілі кабинеті-1 Қазақ тілі кабинеті-1 Тарих пәні кабинеті-1 Математика кабинеті-1 Хореография кабинеті-1 Зияткерлік ойындар кабинеті-1
9	Спорт зал	268,0 ш.м.		
10	Асхана	150,6 ш.м.	80 адамдық орын 6-ы көзді электроплитасы, Қуыру шкафы	
11	Кітапхана	63,6 ш.м.	20 адамдық орын Компьютер-3 Нетбук -16 Принтер-1	Бастауыш сыныпқа арналған оқу әдебиеттері Негізгі оқытуға арналған оқу әдебиеттері Орта мектепке арналған оқу әдебиеттері
12	Акт залы	145,0 ш.м.	80 адамдық орын Музыкалық аппаратура	
13	Медкабинет	55,8 ш.м.		
14	Электрмен жабдықтау жүйесі	Өрт қауіпсіздігі ұйымының түсініктемелері, ескерту жоқ	Кабельдің техникалық сипаттамалары.	

			Электр энергиясын тұтыну көлемі сәйкес келеді	
15	Интернетке қосылу және телефон орнату	Интернет жылдамдығы 50мб/сек Телефон номері-3	Радиомост	
16	Ағымдағы жөндеу жұмыстары	2023 жылы		
17	Жылыжай	Қабылдау актісі №320/11 3 қараша 2023 ж.		
18	Өрт қауіпсіздігі	Автоматты өрт дабылы, дыбыстық хабарландыру орнатылған	Өрт сөндіргіш-42	
19	Антитеррор	Бейнебақылау -54. оның ішіндегі ішкі бейнебақылау-36, сыртқы бейнебақылау-18. Дабыл түймесі, турникет.		
20	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы	Пандус, тактильді жол, мнемо сызбасы, қоңырау шалу түймесі, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дәретхана.		

2019-2023 жылдар аралығында материалдық-техникалық база нығайтылды: металл шкафтары - 51 дана, су фильтрі - 8 дана, ноутбук - 81 дана, планшет - 15 дана, мультимедиялық білім беру жүйесі - 8 дана, принтер - 15 дана, моноблок – 10 дана, компьютер - 2 дана.

Оқушылардың оқулықпен қамтылуы

№	Оқу жылы	Оқушылардың саны	Қамтылуы %	Жетпегені
1	2021 – 2022	775	775	0
2	2022 – 2023	765	765	0
3	2023 – 2024	804	804	0

Кітапхана қорындағы оқулықтар, көркем-ғылыми әдебиеттің тізбесі

Оқу жылы	Оқыр-мандар саны	Кітапханаға келу саны	Берілген кітап-	Қор айналымы	Кітап-пен қамту	Келу саны	Оқылуы
----------	------------------	-----------------------	-----------------	--------------	-----------------	-----------	--------

			тар саны				
2021- 2022	857	12130	16074	0,5	39	14,1	18,7
2022-2023	821	12465	15928	0,5	38	15,1	19,4
2023-2024	345	1805	2895	0,1	5,5	5,2	8,3

2023 жылдың қыркүйегінде сауалнамаға 2-11 сыныптардың 725 оқушысы (жалпы оқушылар санының 90%) қатысты. Оқушылар сауалнамасының нәтижелері:

Жоғары дәрежелі Қ – 420 оқушы 58%

Орташа дәрежесі Қ – 495 оқушы 32%

Төмен дәрежелі Қ – 75 оқушы 10%



1-сурет. 2023 жылға арналған оқушылар сауалнамасының нәтижелері
Қорытынды: жалпы алғанда оқушылардың қанағаттануының жоғары және орташа дәрежесі 90% құрайды, бұл қанағаттанудың жеткілікті жоғары деңгейін көрсетеді.

Зерттеудің мақсаты ата-аналардың білім беру қызметінің сапасына қанағаттануын зерттеу болды.

Зерттеу әдісі – социологиялық сауалнама (сұрақ қою).


2023 жылдың қыркүйек айында 716 ата-ана қатысты.

Ата-аналар сауалнамасының нәтижелері:

Жоғары дәрежелі Қ – 493 ата-ана 69%

Орташа дәрежесі Қ – 186 ата-ана 26%

Төмен дәрежелі Қ – 37 ата-ана 5%



3-сурет. 2023 жылға арналған ата-аналар сауалнамасының нәтижелері

Қорытынды: жалпы ата-аналардың қанағаттануының жоғары және орташа деңгейі 95% құрайды, бұл қанағаттану деңгейінің айтарлықтай жоғары екендігін көрсетеді.

Нәтижесінде ата-аналардың көпшілігі гимназияда оқитын балалардың танымдық қызығушылықтарын қанағаттандыратынын, құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігін, уақытын қызығушылықпен және пайдалы өткізуді, түрлі деңгейде ұйымдастырылатын шараларға қатысатынын атап өтті. Сондай-ақ ата-аналар гимназияда оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

Сауалнама барысында ата-аналарға мекеме мен ата-аналардың өзара әрекеттесу деңгейін бағалау сұралды. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың көпшілігі өз балаларының жетістігі туралы толық ақпаратқа қол жеткізе алатынын, мұғалімдер мен әкімшіліктің балаларын тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде әртүрлі көмек көрсететінін атап өтті.

Гимназияның даму әлеуетін SWOT-талдау.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Оқушылардың жоғары білім сапасы. 2. ҰБТ бойынша қала мен облыстың мектептері арасында жоғары орташа балл. 3. Ұжымның басым бөлігінің мектептегі өзгерістерге ынтасының жоғары деңгейі. 4. Мұғалімдердің жоғары кәсіби деңгейі. 5. Гимназияның жалпымектептік пәндер бойынша олимпиадалардағы жетістігі. 6. Оқушылардың өзін-өзі басқару парламент жұмысының нәтижелілігі. 7. Мұғалімдердің инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудағы белсенділігінің артуы. 8. Гимназияда білім алушылар үшін түрлі таңдау курстары мен үйірмелердің қолжетімділігі. 9. Гимназияның үлкен ағымдық жөндеуден кейінгі заманауи келбеті.	1. "Педагог-шебер" біліктілік санаты бар педагогтардың болмауы. 2. Мұғалімдер мен оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне жеткіліксіз қатысуы; 3. Интерактивті тақтасы бар кабинеттердегі проекциялық жүйелердің тозуы, компьютерлердің ескіруі. 4. Жаратылыстану-математикалық бағытта жалпымектептік пәндер бойынша жетістіктердің жеткіліксіздігі.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
1. ҚарУ, ЖезУ, Гумилев атындағы ЕҰУ тығыз байланысты орнату арқылы ғылыми-зерттеу, кәсіби	1. Әкімшілік мүшелері мен мұғалімдерге жүктелген жұмыс көлемінің ұлғаю қаупі.

бағдар беру, жас мамандарды тарту жұмыстарын жетілдіру, 2. Ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын мұғалімдер мен оқушылар санын арттыру. 3. Гимназияның МТБ нығайтуда мектеп түлектерінің, кәсіпкерлердің демеушілігін ұйымдастыру. 4. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда түрлі курстарға, іс-сапарларға жіберу. 5. Гимназия оқушылары мен ұстаздарының жоғары әлеуеті қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгеруге мүмкіндік береді.	2. Оқушылардың дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерге кетуі. 3. Математика, орыс тілі мен әдебиеті, ұлдарға арналған технология, АӘТД мұғалімдерінің жетіспеушілігі. 4. Педагогтердің орташа жасы – 48.
---	---

III бөлім.

Миссия

«Біз сәтбаевтықтардың жаңа буынын ұлттық құндылықтар мен тілдік құзыреттілік негізінде әлемдік қоғамдастыққа табысты әрекеттесуге баулимыз».

Мына құндылықтарды ұстанамыз:

- 1. Адамгершілік** – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп.
- 2. Үздіксіз білім беру** – тұлғаның шығармашылық әлеуетін және рухани әлемін жан-жақты үздіксіз жетілдіруге бағытталған көпсатылы үрдіс.
- 3. Елжандылық** – бұл өз еліне, оның мәдениетіне, тарихы мен құндылықтарына деген сүйіспеншілік, адалдық пен жанашырлық сезімі.
- 4. Кәсібилік** – әр түрлі жағдайларда күрделі (кәсіби) әрекеттерді жүйелі, тиімді және сенімді түрде жүзеге асыру қабілеттілігі.
- 5. Ынтымақтастық** – түрлі мүдделі топтардың бейбіт қатар өмір сүру жағдайында экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени және халықаралық мәселелерді бірлесіп шешудегі қабілеттілігі.

Пайым

«2030 жылы біз 100 үздік гимназиялардың қатарына кіреміз»

Ұлттық құндылық – бұл әр ұлттың тек өзіне тән мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, өнері, әдеби мұрасы, ұлттық ойындары, ұлттық идеологиясы. Тілдік құзыреттілік – негізгі білім беру үшін таңдалған қарым-қатынас тақырыптарына, салалары мен жағдайларына сәйкес жаңа тілдік құралдарды жүйелі түрде игеру; оқытылатын тілдің тілдік құбылыстары, ана тілінде және оқытылатын тілде ойды білдірудің әртүрлі тәсілдері туралы білімді игеру.

Дамыту бағдарламасын жүзеге асыру механизмдері

1. Білім сапасын арттыру:

Гимназияда сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін:

- білім беру мазмұнының қажеттілікті тәрбиелеуге және білімді өз бетінше алуға және практикада қолдануға, оқушыны жеке тұлға және қызмет субъектісі ретінде дамытуға бағытталған құзыреттерді қалыптастырудың жаңа заманауи талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету;
- оқушыларды танымның ғылыми тәсілдеріне және өзіндік зерттеулерге мақсатты және жүйелі түрде тартуға бағыттау;
- оқытудың жеке бағдарламасын оқыту процесінде білім беру мазмұнын ізгілендіруді, оқытудың мазмұнының вариативтілігін, нысандары мен әдістерін, мүмкіндіктер мен таңдау құқығын қамтамасыз ету;
- білім беру мазмұнын ұлттық мәдениетті құрметтеуге және басқа мәдени бастауларға қатысты ашықтыққа тәрбиелеу. Осы ережелерге байланысты іс-шаралар жасалды:
- «Оқуға үйрен», «Оқу еңбегін дұрыс ұйымдастыру» курсын әзірлеу және енгізу.
- жеке жоспар бойынша (күнделікті үлгерім мен сабаққа қатысуды бақылау, жекеленген сабақтан кейін кеңес беру және қосымша сабақтар, өзара көмек көрсетуді ұйымдастыру, ата-аналармен тұрақты байланыс);
- оқушылардың халықаралық және аймақтық ойын-сайыстарға, викториналарға, пән бойынша олимпиадаларға қатысуын ұйымдастыру;
- баспа және цифрлық технологияларды пайдалана отырып, ҰБТ-ға, ОЖСБ-ға дайындық жұмысын жүргізу;
- жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауы бойынша жұмыс жүргізу, бейіндік оқытуды ұйымдастыру, жеке және топтық кеңес беру;
- оқушылардың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, үй тапсырмаларын дайындау мәселелері бойынша ата-аналар жиналысын өткізу, үлгерім туралы уақтылы ақпарат беру (оқушылардың күнделіктері, әңгімелесу үшін мектепке жеке шақыру арқылы);
- пәндер бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша тапсырмалар банкіні құру;
- балалардың үздік шығармашылық жұмыстарын, сондай-ақ балалар әдебиетінің жаңалаықтарын көрсету үшін гимназия сайты, фейсбук, инстаграмм парақшаларын пайдалану.
- жеке жоспар бойынша ынтасы төмен оқушылардың білім сапасының траекториясын жасау, түзету жұмыстарын жүргізу;
- «Оқушының жетістікке жету динамикасы» электрондық мониторингін жүргізуді жалғастыру;
- оқушылардың портфолиосын жүргізу, оқушылардың жеке жетістіктерін есепке алу.

Жобалар:

- 1.«Дарынды балалар»
- 2.«Оқуға құштар гимназия»
- 3.«Олимпиадалық резерв мектебі»
- 4.Оқушылардың ғылым қоғамы «Жұлдыз»

2.Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

- Мұғалімдерді түрлі деңгейдегі және мазмұндағы курстарға қатыстыру арқылы құзыреттіліктерін арттыруға себеп болу;
- Мұғалімдердің аттестаттауға, жұмысқа алу және шығару, марапаттау процедураларын өткізуде ашықтық принципін ұстану;
- Мұғалімдер жұмысының мониторингін өткізуді жетілдіру;
- Мұғалімдердің практикасын дамытуда халықаралық, мемлекеттік, өңірлік деңгейдегі озық оқыту технологияларын енгізуді қолға алу;
- «Мұғалім – ата-ана – оқушы» үштігі одағының жұмысын жетілдіруде мұғалімнің білік-дағдыларын дамыту.

Жобалар:

1. «Жас маман мектебі»
2. 4Т (тәсіл-тәлім-тәжірибе-табыс)
3. ҮӘЖ технологиясын енгізу бойынша шығармашылық топ.
4. Сингапур оқыту әдістемесі бойынша шығармашылық топ.
5. «Сабақты зерттеу» бойынша шығармашылық топтар.

3.Гимназияда жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасын орнату.

- Мектеп ғимаратын жөндеу, оқу кабинеттерін қазіргі заманғы мектеп жиһазымен және оқытудың техникалық құралдарымен: интерактивті тақталармен, компьютерлермен, ноутбуктермен, теле-бейне және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз ету.
- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету үшін турникет, дабыл қағу нүктелерінің, өртті құлақтандыратын құрылғылардың жұмысын үнемі тексеру, ескірген жағдайда ауыстыру, күзетші қызметкердің міндеттерін білуін қадағалау.
- Инклюзивтік білім беруді қамтамасыз етуде материалдық және әдістемелік тұрғыдан жағдай жасау;
- Білім алушылардың денсаулығын нығайту үшін мектеп медбибісімен бірге біріккен жұмыстар жүргізу;
- Аз қамтылған және көп балалы отбасылардағы балалар үшін қолдау ұйымдастыру.
- Дамыту бағдарламасын жүзеге асыруды қолда бар қаржымен қамтамасыз ету.
- Гимназияны көркейтуде, материалдық қамтамасыз етуде түлектер, ата-аналар тарапынан демеушілер табу.

4.Білім беру менеджментінің сапасын жақсарту.

